

## Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2011 жылғы 25 наурыздағы № 422 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 сәуірде № 9-2-182 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2016 жылғы 4 мамырдағы № 18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 04.05.2016 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарын белгілеу жолымен жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін:

Косманавтов даңғылында орналасқан Ұлы Отан соғысының жауынгерлеріне Даңқ ескерткішіне іргелес аумақ;

Парк көшесінде орналасқан қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы би алаңы.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық*

*мәслихаттың кезектен*

*тыс сессиясының төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Маханько*

*В. Лощинин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

Рудный қаласының әкімі

\_\_\_\_\_ Н. Денинг

2011 жылғы 25 наурызда